

Хаттама №2

№176 орта мектебінде 2023 жылдың 4 қыркүйек күні кезектен тыс педагогикалық кеңес болып өтті.

Қатысуға тиіс-142

Қатысқаны-134

Күн тәртібінде:

1.Өзін-өзі бағалау жұмыстырын ұйымдастыру туралы.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің күн тәртібімен мектеп директоры М.Садуова таныстырып, хабарлама жасады.

Жалпы таныстыруды мектеп директоры М.Садуова өзін-өзі бағалау жұмыстырын ұйымдастыру және өзін-өзі бағалау комиссиясы құрамымен, іс-шара жоспарымен таныстырып өтті. Жоспар бойынша атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;
2. ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру, сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау;
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

4.4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру;

Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру, ұйымдастыру, өткізу туралы Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2023 жылдың 23 тамыздағы №2161 хатына сәйкес бұйрығымен, өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамымен таныстырды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №58 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны камтамасыз ету комитетінің төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы 2023 жылдың 5 қыркүйек пен 5 қазан аралығында өткізілетінін айтып өтті. Өзін-өзі бағалау комиссиясы құрамын таныстырды.

Комиссия төрағасы: Садуова Майра Өмірзаққызы – мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

1. Прмаганбетова Меруерт Аргинбековна – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Усайнова Нұржамал Манатқызы – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Шакманова Сауле Сериковна – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
4. Дарбаева Бақытжамал Сегізбайқызы – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
5. Қуатова Нұргүл Муфтуллақызы – мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары
6. Назикбаев Мейрамбек Тұрабекұлы – мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары
7. Убаев Ғазиз Лепесұлы – әлеуметтік педагог
8. Абиева Бағдагүл Абайқызы – педагог-психолог

Техникалық хатшы: Серікбайқызы Жарқынай

Осы бұйрыққа сәйкес пән мұғалімдеріне тиісті құжаттарды дайындап, бірлестік жетекшілеріне 5 қазанға дейін тапсыру керектігін айтты. Сонымен бірге 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мақсатында сынама тест алынатынын, оқушылармен жаратылыстану бағыты бойынша және оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық пәні бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу пән мұғалімдеріне тапсырылды. Сонымен бірге өзін-өзі бағалаудың қорытынды есептерін жинақтап білім саласындағы

сапаны қамтамасыз ету департаментінің белгілеген мерзіміне дейін мектептің ресми интернет ресурсы сайтына орналастыру керектігін, сол үшін аталған құжаттарды жинақтап уақытылы тапсыру қажеттігін пән мұғалімдері мен бірлестік жетешілеріне айтып, сөзін қорытындылады.

Шығып сөйлеушілер:

1.Мектеп директорының бастауыш сыныптар ісі жөніндегі орынбасары С.Шакманова сөз алды. Мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өтіп, жүйелі жинақтауды міндеттеді.

2.Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Прмаганбетова 4,9 сынып оқушыларымен күнделікті , жүйелі жұмыстар жүргізу керектігін , жауапкершілік таныту керек екенін, бірлесе жұмыс атқаруын атап өтті .

Қаулы:

1.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №58 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы 2023 жылдың 5 қыркүйек пен 5 қазан аралығында өткізілсін.

2.Өзін-өзі бағалауды жүргізу комиссиясы оқу, білім процесінің талдауы мен өзін-өзі бағалаудың барлық бөлімі бойынша қорытынды есебін 2023 жылдың 05 қазанына дейін дайындап тапсырылсын.

Мектеп директоры

Хатшы



М.Садуова

Б.Нұртазина